

І. ЖАНСУГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ЖЕТЫСУСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ И. ЖАНСУГУРОВА
ZHETYSU STATE UNIVERSITY NAMED AFTER I. ZHANSUGUROV

БЕКІТІЛДІ/ УТВЕРЖДЕНА/ APPROVED

университеттің Ғылыми Кеңесі отырысында/
на заседании Ученого совета университета/
at the meeting of the Academic Council of the University/
Хаттама/ Протокол/ Protocol № 9 «24» 04 2020
Ректор/ Rector



Т.д., профессор Қ.Баймырзаев/
д.т.н, профессор Қ. Баймырзаев/
d.g.s., Professor K. Baimyrzayev

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА
EDUCATIONAL PROGRAM**

- 7M04102 – Мемлекеттік және жергілікті басқару
(ғылыми-педагогикалық бағыт)
7M04102 – Государственное и местное управление
(научно-педагогическое направление)
7M04102 – State and local government
(scientific and pedagogical direction)

**МАГИСТРАТУРА
MASTER DEGREE**




Талдықорған/ Талдықорган/ Taldykorgan, 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
Құқық және экономика факультеті

7M04102 – Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасы келесідей нормативтік құжаттарға сәйкес құрастырылды:

1. Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. № 319 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы» Заңы;
2. ҚР Білім және ғылым министрінің 20.04.2011 ж. №152 бұйрығымен бекітілген Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидасы;
3. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 27.12.2019 ж. № 988 қаулысы).

Өзірлеушілер:

1	Жобалық топ жетекшісі:		Байтаева Г.Р. – э.ғ.к., доцент, 87015303383, baytaeva@mail.ru
2	Жобалық топтың мүшелері:		Кылышпаева Б.Х. – магистр, аға оқытушы, 8701-122-95-95, bibigul_hamitovna@mail.ru
3			Аязжанова М.К. – магистр, аға оқытушы, 8-771-607-91-20, ayazhanova.madina@bk.ru
4			Имангалиева Ж.А. – Мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы, ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті, 8-705-740-57-35, dgsipk@mail.ru
5			Тараков С.Б. – ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы 8-707-826-06-90, s.tarakov@mail.ru
6	магистранттік кеңесшілер:		Сагиндикова С. – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» БББ 1 курс магистранты, 8702-126-62-96, S_sagindikova@mail.ru
7			Сатыбалды Е. – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» БББ 1 курс магистранты, 8778-282-04-01, Satybaldy-e1111@mail.ru

Білім беру бағдарламасы отырыста талқыланды және бекітуге ұсынылды:

Университеттің оқу-әдістемелік Кеңесі

Хаттама № 7 «27» 02 2020 ж.
ОӘК төрағасы Д. Калдияров

Құқық және экономика факультетінің әдістемелік бюросы

Хаттама № 4 «12» 03 2020 ж.
ФОӘБ төрайымы А. Нуртаева

Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы

Хаттама № 7 «21» 02 2020 ж.
Кафедра меңгерушісі Г. Байтаева

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Контекст

Тіркеу нөмірі: 7M04100568

Білім беру саласының коды және жіктелімі: 7M04 Бизнес, басқару және құқық.

Дайындық бағытының коды және жіктелімі: 7M041 Бизнес және басқару.

Білім беру бағдарламасының тобы: M071 Мемлекеттік және жергілікті басқару

Білім беру бағдарламасының атауы: 7M04102 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару»

Бағдарлама түрі: Екінші цикл: магистратура 7 деңгей ҰБШ / СБШ / ББХСЖ

Берілетін дәреже: 7M04102 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдарының магистрі

Кредиттердің жалпы көлемі: 120 академиялық кредит

Типтік оқу мерзімі: 2 жыл

Оқыту тілі: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.

Білім беру қызметіне берілген лицензия: Білім беру бағдарламасы 7M041-Бизнес және басқару мамандарды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті берген «22» желтоқсан 2012ж. № 12019969 лицензия негізінде іске асырылады.

Аккредиттеу:

1) Институционалды аккредиттеу: Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі, куәлік № ІА-А № 0101 22.04.2019ж., аккредитацияның әрекет ету мерзімі 22.04.2019 ж. - 19.04.2024 ж.

2) Мамандандырылған аккредиттеу: ACQUIN халықаралық аккредиттеу агенттігі, аккредитацияның әрекет ету мерзімі 31.03.2015 ж. – 30.09.2020 ж.;

Білім беру бағдарламасының рейтингі:

БСҚТҚА (НАОКО) – 6/11.

АРТА (НААР) – 5/25.

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы әзірлеген кәсіби стандарттар:

«Фирма ресурстарын жоспарлау және талдау саласындағы қызмет; Қаржылық менеджмент» кәсіби стандарты

1.2 І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ҚР жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі орны

Миссия: Қоғамның инновациялық дамуына ұлттық және халықаралық деңгейде сапалы білім беру, оқыту және зерттеулермен қамтамасыз ету арқылы көшбасшысы болу.

Көзқарасы: Аймақтың әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының айқындаушы факторы, Алматы облысы экономикасының инновациялық дамуының қозғаушы күші болу.

Стратегиялық мақсаты: Мемлекеттік және жергілікті басқару саласында бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау.

1.3 Білім беру бағдарламасының бейіні

Экономика сұраныстарына сәйкес еңбек нарығын зерттеу: Білім беру бағдарламасының ерекшелігі - оны қалыптастыру аймақтық еңбек нарығының қажеттілігін және экономиканың сұраныстарын ескере отырып, мемлекеттік және жергілікті басқару органдарымен тығыз қарым-қатынаста жүзеге асырылуы.

Білім беру бағдарламасының бейіні

Негіздеме: 7М04102 Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасы мемлекеттік және жергілікті басқару мен білім беру салаларында ғылыми зерттеулерді жүргізуге және оны кәсіби қызмет үрдісінде пайдалануға қабілетті ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындауға бағытталады.

Білім беру бағдарламасының мақсаты: ұлттық басымдылықтар мен халықаралық тәжірибе негізінде мемлекеттік және жергілікті басқару салаларында экономика ғылымдарының магистрлерін сапалы даярлауды қамтамасыз ету.

Бағдарламаның айрықша сипаттары: білім беру бағдарламасының ерекшелігі: 1. Тәжірибелі практик – лекторларды тарту есебінен практикаға бағдарлану; 2. Сабақтың көптілділігі.

	7М04102 Мемлекеттік және жергілікті басқару
<i>Кәсіби қызмет саласы</i>	- мемлекеттік басқару; - жергілікті басқару; - мемлекеттік мекемелердегі басқару; - әлеуметтік саладағы басқару. - халық шаруашылығын басқару; - коммерциялық емес ұйымдарды басқару.
<i>Кәсіби қызмет нысаны</i>	- мемлекеттік органдар; - жергілікті басқару органдары; - мемлекеттік мекемелер, бюджеттік ұйымдар; - азаматтық қоғам институттары; - қоғамдық сектор ұйымдары; - халықаралық ұйымдар мен халықаралық басқару органдары; - коммерциялық емес ұйымдар.
<i>Кафедра филиалы</i>	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы ішкі саясат басқармасының департаменті
<i>Іс-тәжірибе базасы</i>	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті, "Талдықорған қаласы Еркін ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі»
<i>Академиялық ұтқырлық</i>	Студенттер академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Чехия, Польша, Түркия, Испания және басқа да елдердің университеттерінде оқуға мүмкіндігі бар.
<i>Стипендиялық бағдарламалар</i>	Erasmus-Еуропалық Одақ шеңберіндегі стипендиялық бағдарламалар кешені
<i>Бағдарламаның басқа да бірегей сипаттары</i>	"Жетісу" мектебінде Болашақ мемлекеттік қызметкерлерді дайындау үшін сабақ одан әрі жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді

1.4 Түлектің белгілері (атрибуттары):

- озық тәжірибе мен инновация элементтерін қоса алғанда өзінің пәндік саласындағы білім мен білікті игерген;
- креативті ойлайды және жаңа проблемалық жағдайларды бастамашылдық және даралық таныта отырып, шығармашылық тұрғыда шешеді;
- күнделікті кәсіби қызметіне қажетті білім, білік, дағдыларды өз бетімен кеңейте алады және тереңдетеді;

- кәсіби этика нормаларын сақтайды, өзінің міндеттерін адал және жауапкершілікпен атқарады;
- жеке және топта жұмыс істеу білігі мен дағдысының дамығандығын, тиімді коммуникацияға қабілеттілігін көрсетеді;
- жинақылық, жоспарлауға қабілеттілік, нәтижеге бағытталушылық таныта отырып, уақытты басқару және басымдық беру білігін игерген;
- өз елінің патриоты және басқа халықтардың мәдениетін қабылдай алатын әлемнің толерантты азаматы;
- проблеманы анықтау, мақсатты тұжырымдау, жоспарлау, өзін-өзі талдау жасау, рефлексия және өз қызметінің нәтижесін жұртшылыққа ұсына алуды қамтитын жобалық-зерттеу қызметі дағдыларын меңгерген;
- ғылыми форумдарда, конференция және семинарларда жұрт алдында сөйлеу және шешендік өнер дағдысын игерген.

Оқытудың нәтижелері:

- ОН1** – мамандық бойынша ғалым және педагог ретінде интеллектуалды және практикалық міндеттерді тез және тиімді шешуге ықпал ететін қоғамдық құбылыстарды жүйелі талдау дағдысын, ғылыми дүниетанымын меңгерген;
- ОН2** – ғылыми зерттеулер жүргізуге және педагогикалық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кәсіби деңгейде шет тілін меңгерген;
- ОН3** – мемлекеттік басқару саласында алған білімдерін өз бетінше дамыту және оларды ғылыми-педагогикалық және зерттеу қызметінде қолдану үшін пайдаланады;
- ОН4** – қазіргі қазақстандық және шетелдік тұжырымдамаларды, мемлекеттік басқару үдерістері мен құбылыстарын талдаудың теориясы мен тәсілдерін сын тұрғысынан талдауға қабілетті;
- ОН5** – ғылыми және оқытушылық қызметте зерттеу мәселелерін шешу үшін әртүрлі пәндер шеңберінде алынған білімді интеграциялау қабілетін көрсетеді;
- ОН6** – мемлекеттік, жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдарында басқарушылық шешімдерді әзірлеу дағдысына ие;
- ОН7** – кадр саясатын қалыптастыру қағидаларын, мемлекеттік қызметте кадр резервін қалыптастыру ерекшеліктерін біледі;
- ОН8** – өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау және болжау әдістерін, сондай-ақ тұрақты даму негіздерін меңгерген және оларды іс жүзінде қолдану;
- ОН9** – ғылыми-педагогикалық қызметте басқару әдістемесін қолдана алады;
- ОН10** – Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, этика нормаларын және мемлекеттік қызметшілердің еңбегін ұйымдастырудағы IT технологияларын меңгерген;
- ОН11** – диссертация, ғылыми мақала, есеп, аналитикалық жазба ж.т.б. түрінде ғылыми-зерттеу және талдау жұмыстарының нәтижелерін қорытады;
- ОН12** – Мемлекеттік және жергілікті басқару саласында кәсіби құзыреттілікке ие.

ББ түлегінің құзыреттіліктері:

- ТҚ1** – қазіргі ғылыми жетістіктерді сыни талдауға және бағалауға, зерттеу және практикалық міндеттерді, оның ішінде пәнаралық салаларда шешу кезінде жаңа идеяларды генерациялауға қабілетті;
- ТҚ2** – өзінің кәсіби қызметінде алған білімдері мен дағдыларын қолдану үшін қажетті педагогикалық ғылымның негізгі әдістері мен әдіснамасын меңгерген;
- ТҚ3** – практикалық психолог жұмысының негізгі бағыттарын, қызметкердің әлеуметтік және кәсіби маңызды қасиеттерін біледі;
- ТҚ4** – болашақ жетекшінің мінез-құлық мәдениетін және негізгі теорияларды, мотивацияны, көшбасшылық пен билікті пайдалану дағдыларын меңгерген;

ТҚ5 – болашақ жетекшінің мінез-құлық мәдениетін және негізгі теорияларды, мотивацияны, көшбасшылық пен билікті пайдалану дағдыларын меңгерген;

ТҚ6 – жұмыс уақытын өзін-өзі ұйымдастыру, ресурстарды тиімді қолдану және басқа орындаушылармен тиімді өзара іс-қимыл әдістерін меңгерген;

ТҚ7 – жаңа проблемалар мен жағдайларды шешуде креативті ойлай және шығармашылықпен жақындай алады;

ТҚ8 – әлеуметтік-экономикалық жобаларды (даму бағдарламаларын) әзірлейді, жобалар мен бағдарламалардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалайды;

ТҚ9 – орындау бақылауын ұйымдастыру, басқару процестерінің сапасын бағалауды жүргізу дағдылары бар;

ТҚ10 – құқық қолдану актілерін дайындау, азаматтармен және сыртқы ұйымдармен құжат айналымын және іскерлік хат алмасуды жүргізу дағдыларын меңгерген;

ТҚ11 – мемлекеттік органдардың басқару шешімдерін іске асыруға байланысты нормативтік құқықтық актілерді талдайды;

ТҚ12 – мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесінде мемлекеттік қызметтерді регламенттеу дағдыларын меңгерген.

ББ бойынша оқу нәтижелерінің жалпы қалыптастырылатын құзыреттіліктермен арақатынасының матрицасы

	ОН1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
ТҚ1	+				+			+				+
ТҚ2	+	+	+								+	
ТҚ3						+						+
ТҚ4			+			+						
ТҚ5			+			+	+	+	+			
ТҚ6			+			+			+	+	+	
ТҚ7				+	+					+		
ТҚ8					+							
ТҚ9			+								+	+
ТҚ10						+	+		+		+	

Жұмысқа орналасу мүмкіндігі:

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 201-ө-м бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының Біліктілік анықтамалығының біліктілік талаптарына сәйкес 7М04102-"Мемлекеттік және жергілікті басқару" мамандығы бойынша магистратура түлектері келесідей мамандықтар бойынша бастапқы лауазымдарды атқара алады::

- мемлекеттік басқару;
- жергілікті басқару;
- мемлекеттік мекемелердегі басқару;
- әлеуметтік саладағы басқару;
- коммерциялық емес ұйымдарда басқару;
- өзге ұйымдарда, мемлекеттік органдармен және азаматтармен байланыс бойынша лауазымдарда басқару.

Басқару лауазымдары:

- орталық және жергілікті басқару органдарының экономистері;
- Мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың басшылары немесе менеджерлері;
- өндірістік компаниялардың, холдингтердің, қызмет көрсету кәсіпорындарының басшылары немесе менеджерлері және т. б.;

- экономистер-қаржы-кредит секторының басқару құрылымдарының менеджерлері;
- Әлеуметтік сала салаларының экономикасы бойынша әртүрлі деңгейдегі мамандар.

Университет тарапынан түлектерді жұмысқа орналастыру кезінде келесі көмек түрлері көрсетіледі:

- а) түйіндеме жасауға көмек;
- б) жұмыс іздеуге көмек;
- в) келісімшартты жасауға көмек;
- г) еңбек нарығын зерттеу;
- д) практика базаларынан дербес өтінімдер;
- е) " бос жұмыс орындар жәрмеңкесі»;
- ж) іскерлік ойындар, тренингтер;
- з) Әлеуметтік сала кәсіпорындарының деректер банкінің болуы;
- и) жастар практикасы.

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

2.1 Модульдердің сипаттамасы

Мо ду л ь №	Модуль атауы және коды	Пән атауы және №	Ак.кред иттер	Пән циклы
1	АВНО 1 «Ғылым мен білімнің өзекті мәселелері»	1) (ЖООК)Ғылым тарихы мен философиясы	БП	Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы
		2) (ЖООК)Жоғары мектеп педагогикасы	БП	Педагогика және психология кафедрасы
		3) (ЖООК)Мемлекеттік басқарудағы ғылыми зерттеу әдістері/ Білім беру мазмұнын әзірлеудің ғылыми-теориялық негіздері	БП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
		4) (ЖООК)Мемлекеттік қызмет: кадрлық саясат және жаңғырту	КП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
		5) (ЖООК)Мемлекеттік басқару теориясы мен практикасы	КП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
2	КУД 2 «Коммуникативтік-басқару қызметі»	1)(ЖООК) Шет тілі (кәсіби)	БП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
Құқық және экономика факультеті

		2) (ЖООК)Басқару психологиясы	БП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
		3)(ТК) Мемлекеттік басқарудағы шет тіліндегі кәсіби коммуникациялар	БП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
		4)(ТК)Басқарудағы шет тіліндегі кәсіби коммуникациялар	БП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
		5) (ЖООК)Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік	БП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
		6)(ЖООК) Басқару қызметінің мәдениеті / Ұйымдағы көшбасшылық	КП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
3	ГУ 3 «Мемлекеттік басқару»	1) (ЖООК)Жергілікті басқару және өзін-өзі басқару	КП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
		2)(ТК)Мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі	КП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
		3)(ТК)) Мемлекеттік сектордағы жобалар мен бағдарламаларды басқару	КП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
		4)(ЖООК)Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау мен болжаудың заманауи технологиялары	КП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
		5)(ЖООК) Педагогикалық тәжірибе	БП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
4	ГРЭП 4 «Мемлекеттік реттеу және экономикалық	1) (ЖООК)МЖБ жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл технологиялары	КП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
Құқық және экономика факультеті

	саясат»	2)(ЖООК) Шағын және орта бизнестегі экономикалық саясат	КП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
		3) (ЖООК)Зерттеу практикасы	КП	Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
		4) (ЖООК)Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы		Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы
		5)(ЖООК) Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау		Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасы

2.2 Пәндер бойынша мәлімет

№	Пән атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Қалыптастыратын оқу нәтижелері (коды)
Жалпы білім беретін пәндер циклы <i>Міндетті компонент</i>				
	Ғылым тарихы мен философиясы	Ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде өзінің маңыздылығын сақтайтын тарихи аспектіде әлемдік философиялық ой теориясының идеяларының, көзқарастарының, негізгі философиялық жетістіктерін қарастырады. Метатеоретикалық, теориялық, теориялық-эмпирикалық және қолданбалы (эмпирикалық) деңгейлердегі философиялық және ғылыми танымның негізгі принциптері мен әдістерін, ғылыми-зерттеу жұмыстарын зерттейді. Ғылыми зерттеудің логикасын және оның нәтижелерін зерттейді.	4	ОН1
2	Жоғары мектеп педагогикасы	Педагогикалық заңдылықтарды және білім беру процесін (өздігінен білім алу), оқыту, тәрбиелеу (өзін-өзі тәрбиелеу), дамыту (өзін-өзі дамыту) және магистранттардың (тыңдаушылардың) белгілі бір қызмет түріне және қоғамдық өмірге кәсіби даярлығын ұйымдастыру және жүзеге асыру құралдарын зерттейді. ЖОО студентінің оқытушылармен өзара	4	ОН1 ОН12

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
Құқық және экономика факультеті

		қарым-қатынасы барысында жүзеге асырылатын оқу-танымдық іс-әрекеті жағдайында жеке тұлғасын қалыптастыру.		
3	Мемлекеттік басқарудағы ғылыми зерттеу әдістері	Пән оқытады: методология туралы ұғым ұйымдастыру принциптері мен тәсілдері жүйесі, теориялық және практикалық іс-әрекетті құру туралы. Кәсіби қызметтің ғылыми бейінін өзгерту мүмкіндіктері. Білімнің ғылыми критерийлері. Ғылыми білімнің жіктелуі. Теориялық және эмпирикалық зерттеулер, олардың өзара байланысы.	5	ОН1 ОН3
4	Білім беру мазмұнын әзірлеудің ғылыми-теориялық негіздері	Педагогикалық технологиялар мәселелерін, заманауи педагогикалық технологиялардың теориялық сипаттамаларын, оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі принциптерін, заманауи педагогикалық технологияларды, жеке тұлғаға бағытталған білім беру технологияларын, университеттік білім беру мазмұнын ұйымдастыруды, педагог қызметіндегі оқытудың интерактивті әдістерін, интегративті оқыту технологияларын зерттейді.	5	ОН1 ОН3
5	Мемлекеттік қызмет: кадрлық саясат және жаңғырту	Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметте тиімді кадрлық саясатты қалыптастыру мәселелерін зерделейді. Мемлекеттік қызметшілер қызметінің тиімділігін арттыру, мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлау мәселелерін, сонымен қатар Қазақстан Республикасында кадр саясатын жаңғырту мәселелерін зерделейді.	6	ОН3 ОН4
6	Мемлекеттік басқару теориясы мен практикасы	Оқу барысында магистранттар кәсіби қызмет жүйесі ретінде мемлекеттік басқарудың аса күрделі саяси, экономикалық және әлеуметтік контекстісі туралы білім алады. Қазақстан Республикасындағы нақты жағдайларды бағалау және Мемлекеттік басқарудың нақты проблемаларын шешу үшін саяси және басқарушылық талдау құралдарын пайдалануды, нақты жағдайларды бағалау үшін саяси және басқарушылық талдау құралдарын пайдалануды үйренеді.	6	ОН3 ОН9 ОН10

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
Құқық және экономика факультеті

7	Шет тілі (кәсіби)	Өзекті жалпы ғылыми және арнайы әдебиеттерді зерттейді, инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалану және қазіргі заманғы құралдары (Интернет-ресурстар). Жүйелік халықаралық ынтымақтастық шеңберінде коммуникативтік құзыреттілікті тереңдету одан әрі дамыту негізінде шет тілді білім беру тілді белсенді меңгерудің дағдылары мен болашақ магистрдің қызметі.	4	ОН2
8	Басқару психологиясы	Психологиялық теория мен практиканың қазіргі жағдайын зерттейді. зерттеу әдістері мен тәсілдері, кейінгі кәсіби қызметте пайдалану үшін оңтайлы көлемде психикалық үдерістерді, жеке тұлғаның жағдайы мен қасиеттерін, әлеуметтік-психологиялық механизмдері мен тұлғаның және топтың мінез-құлқының заңдылықтары.	4	ОН1 ОН12 ОН5
9	Мемлекеттік басқарудағы шет тіліндегі кәсіби коммуникациялар	Кәсіби қызметте шет тілді коммуникация саласындағы теориялық және практикалық мәселелерді, коммуникацияның ұғымын, түрлерін, принциптерін, процедурасын, әдістерін, кедергілерін және негізгі элементтерін, мемлекеттік басқарудағы шет тіліндегі кәсіби коммуникациялардың ерекшеліктерін қарастырады.	5	ОН2
10	Басқарудағы шет тіліндегі кәсіби коммуникациялар	Кәсіби қызметте шет тілді коммуникация саласындағы теориялық және практикалық мәселелерді, коммуникацияның ұғымын, түрлерін, принциптерін, процедурасын, әдістерін, кедергілерін және негізгі элементтерін, басқарудағы шет тіліндегі кәсіби коммуникациялардың ерекшеліктерін қарастырады.	5	ОН2
11	Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік	МЖӨ мәнін, бизнес пен мемлекеттің өзара іс-қимылы кезінде ғылыми, басқару құралдарын қолдану ерекшеліктерін зерделейді, әріптестікті тиімді ұйымдастыру тетіктерін, мемлекет пен бизнестің	5	ОН4 ОН9 ОН10

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
Құқық және экономика факультеті

		өзара іс-қимыл түрлерін, өзара іс-қимыл принциптерін, жобалық менеджмент технологияларын меңгеру және мемлекет пен бизнестің қатысуымен іске асырылатын жобалар портфелін басқару негізінде тиімді басқару шешімдерін қабылдау ерекшеліктерін зерделейді.		
12	Басқару қызметінің мәдениеті	Іскерлік этикет нормаларын, принциптерін, мінез-құлық мәдениетін, дипломатиялық хаттама мен халықаралық этикет ережелерін, қызметтік қарым-қатынас этикасын, басқару мәдениетінің мазмұны мен элементтерін сипаттайды. Әкімшілік этика және басқару мәдениетінің негізгі санаттары мен ұғымдары туралы білімді қамтиды.	5	ОН9 ОН4
13	Ұйымдағы көшбасшылық	Ұйымдағы көшбасшылықтың теориялық негіздерін, көшбасшылықтың мәнін, әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде көшбасшылықты, көшбасшылықтың негізгі теорияларын, басшыда көшбасшылықтың даму дәрежесін талдау ерекшеліктерін, көшбасшылық қасиеттер бейінін қалыптастыру ерекшеліктерін және көшбасшылық әлеуетті бағалауды зерттейді.	5	ОН9 ОН4
14	Жергілікті басқару және өзін-өзі басқару	Жергілікті өзін-өзі басқарудың теориялық негіздерін және жергілікті мемлекеттік басқарудың даму тарихын, жергілікті өкілді және атқарушы билік органдарының өзара қарым-қатынасын, билік пен басқарудың өкілді және атқарушы органдары қызметінің ұйымдастыру негіздерін, жергілікті басқару органдарының қызметін жоспарлауды ұйымдастыруды қамтиды. Жергілікті басқару органдары қызметінің материалдық-қаржылық негізін зерттейді.	5	ОН9 ОН10
15	Мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі	Ұлттық қауіпсіздіктің жалпы сипаттамасын және Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі саяси-құқықтық құжаттарын, жаһанданудың негізгі сын-қатерлерін және жаһандық мүдделердің негізгі объектілерін, ҚР ұлттық мүдделері мен стратегиялық	5	ОН9 ОН10

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
Құқық және экономика факультеті

		ұлттық басымдықтарды, ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесін, ҚР Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын сипаттайды.		
16	Мемлекеттік сектордағы жобалар мен бағдарламаларды басқару	Өңірлердегі бағдарламалар мен жобаларды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының басқару ерекшеліктері туралы білімді қамтиды. Жобаларды басқару саласындағы түрлі міндеттерді шешу үшін әдістемелік көздерді, жобаларды басқару саласындағы қандай да бір міндеттерді шешу үшін кәсіби стандарттарды немесе олардың бөлімдерін таңдау мен қолдануды біледі.	5	ОН9 ОН10
17	Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау мен болжаудың заманауи технологиялары	Стратегиялық және стратегиялық жоспарлау түсінігін зерттейді. әлеуметтік-экономикалық жүйелердің негізгі ерекшеліктері, жоспарлау нысандары және жоспарлардың түрлері, аймақ түсінігі, жоспарлау және басқару объектілері, өңірлік жоспарлау және жүйе аймақтың дамуын стратегиялық басқару.	5	ОН9 ОН10
18	МЖӘ жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл технологиялары	Пән сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, мәдениетті зерделеуге, сыбайлас жемқорлықтың мәні мен факторлары, түрлері, типологиясы, оның әр түрлі көріністері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әдістері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің шетелдік тәжірибесі туралы кешенді білім алуға бағытталған.	5	ОН5 ОН8
19	Шағын және орта бизнестегі экономикалық саясат	Шағын және орта бизнесті басқару саласында теориялық және практикалық білім көлемін қамтиды, шағын және орта бизнес пен оның ортасы, әртүрлі меншік нысанындағы шағын және орта кәсіпорындардың қалыптасуы мен жұмыс істеуі туралы негізгі ұғымдарды белгілі бір ретпен зерделейді.	5	ОН8 ОН9
20	Зерттеу практикасы	Магистранттың ғылыми және кәсіби қызмет саласында өзіндік жұмыс істеу қабілетін, экономикалық есептерді жүргізу және басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін аналитикалық материалдарды дайындау үшін әр түрлі ақпарат	5	ОН8 ОН11

		көздерін қолдану қабілетін және іскерлігін дамытады.		
21	Педагогикалық тәжірибе	Магистранттарда инновациялық технологияларды қолдана отырып, оқыту дағдыларын қалыптастыруға, семинарлық және практикалық оқу сабақтарын өз бетінше өткізуге және оқу материалдарын әзірлеуге, сондай-ақ ұйымдастыру және тәрбие жұмысының тәжірибесін алуға ықпал етеді.	5	ОН11 ОН12
22	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Ғылыми зерттеу әдістерін, ғылым мен білім берудегі компьютерлік технологияларды, эксперименттерді жоспарлау әдістемесін, ақпараттық технологиялардың көмегімен эксперимент нәтижелерін жоспарлау және өңдеу әдістерін біледі. Ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет барысында туындайтын және тереңдетілген кәсіптік білімді талап ететін міндеттерді шеше алады.	24	ОН11 ОН8 ОН12
23	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	Таңдалған мамандық саласындағы өзекті мәселенің теориялық және/немесе практикалық әзірлемелері бар, ғылымның заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген өзіндік ғылыми зерттеу: мамандықтың негізгі проблематикасына сәйкес келеді, ғылым мен практиканың қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар өзекті тақырып.	12	ОН11

2.3 Қосымша білім беру бағдарламалары (Minor)

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ түлектерінің еңбек нарығында бәсекеге қабілеті болуы үшін, сондай-ақ олардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін аралас және бейіндік ББ бойынша қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында студенттерге Minor бағдарламасының бірін таңдау ұсынылады.

Minor бағдарламасының тізімі, олардың қысқаша сипаттамасы, пәндер құрамы және қалыптастыратын оқу нәтижелері Қосымша білім беру бағдарламаларының (Minor) каталогында беріледі.

2.4 Оқу үдерісінде пайдаланылатын инновациялық технологиялар мен оқыту әдістері

7М04102 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару» ББ бойынша түлектердің түйінді құзыреттіліктері мен оқу нәтижелерін қалыптастыру мақсатында профессор-оқытушылар құрамы төмендегідей инновациялық технологиялар мен оқыту әдістерін пайдаланады:

1. Пәндік оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ);
2. Пәнді оқытудағы тұлғалық-бағытталған технологиялар;
3. Студенттің білім беру сапасын басқару және оқу үдерісін ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету;
4. Зияткерлік даму мониторингі;
5. Тәрбие технологиясы заманауи оқушыны қалыптастырудың жетекші механизмі ретінде;
5. Дидактикалық технологиялар оқу үдерісін дамытудың шарты ретінде;
6. Оқу-тәрбие үдерісіне инновациялық технологияларды енгізуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу (портфолио технологиясы).

2.5 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған білім беру бағдарламасын іске асыру ерекшеліктері

Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар контингентінде ерекше білім алу қажеттілігі бар тұлғалар болған жағдайда білім беру бағдарламасы білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктеріне бейімделеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін олардың денсаулық жағдайын ескере отырып, "Дене шынықтыру" пәнін игерудің ерекше тәртібі белгіленеді. Денсаулығында мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін іс-тәжірибеден өту орындарын тандау білім алушылардың денсаулық жағдайын және қол жетімділік талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады. ЖОО-да ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескереді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар олардың денсаулығын шектеуге бейімделген нысандарда баспа және (немесе) электрондық білім беру ресурстарымен қамтамасыз етіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды әлеуметтік бейімдеу үшін үздіксіз және кешенді сипатқа ие жеке сүйемелдеу қарастырылған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды алып жүру білім беру үдерісінің мақсаттарымен, мазмұнымен және әдістерімен анықталады, қажетті құзыреттілікті уақтылы қалыптастыруға кедергі келтіретін білім беру бейімделуінің пайда болған мәселелерінің алдын алуға бағытталған.

Сүйемелдеу қамтиды:

- инклюзивтік оқыту жағдайындағы оқу процесінің кестесіне сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқуын бақылауға бағытталған ұйымдастырушылық-педагогикалық сүйемелдеу;

- оқыту, қарым-қатынас және әлеуметтік бейімделуде проблемалары бар ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім алушының жеке басын зерделеуге, дамытуға және түзетуге және құзыреттілікті қалыптастырудың тәсілдері, психодиагностикалық әдістер, тұлғалық бұрмалауды психологиялық алдын алу және түзету көмегімен бағытталған;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың бейімделу мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған міндеттерді шешуді көздейтін алдын-ала отырып, сауықтыра сүйемелдеу;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың табысты оқуына байланысты әлеуметтік сипаттағы міндеттердің кең спектрін шешетін әлеуметтік қолдау. Тұрмыстық мәселелерді шешуге, жатақханада тұруға, көлік мәселелеріне, әлеуметтік төлемдерге, материалдық көмек көрсетуге, бос уақытын, жазғы демалысты ұйымдастыруға, оларды студенттің өзін-өзі басқаруға, тартуға, еріктілер қозғалысын ұйымдастыруға және т.б. ықпал етеді.

3.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

3.1 Кадрлық ресурстар

Білім беру бағдарламасын есеп және қаржы кафедрасы іске асырады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ-тың (базалық және кәсіптендіруші циклындағы пәндер) сандық және сапалық көрсеткіштері:

ПОҚ жалпы саны– 11 адам., оның ішінде:

Ғылым докторы – 2

Ғылым кандидаты – 3

Философия докторы (PhD) – 1

Магистр – 5

Кафедраның ғылыми әлеуеті – 55%

Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамының сипаттамасы Кадрлық анықтамалықта берілген.

3.2 Университеттің оқу ортасы

Білім беру бағдарламасы бойынша оқу ортасы:

1) Кітапхана қоры және кітапханалық қызмет көрсету

Жоғары оқу орнында сапалы білім беру қызметін іске асуырудың міндетті кепілі ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілуі болып табылады.

Ақпараттық ресурстардың маңызды бөлігі өркениеттің ежелгі және маңызды негізі, көптеген ұрпақтың құнды білім мен рухани мудость, ұлттық жад, мәдени және ғылыми мұрасы – кітапхана қоры болып табылады.

7М04102- Мемлекеттік және жергілікті басқару БББ бойынша 2019 жылдың 05 мамырындағы жағдайға жалпы кітапхана қоры 2568 дана, оның ішінде мемлекеттік тілде - 1485, шет тілінде - 981.

Университеттің кітапханасында ПОК пен білімгерлерге Web of Science, Elsevier, Scopus, Polpred.com, КазНЭБ, THOMSON REUTERS – www.webofknowledge.com, Эпиграф, НЦГНТЭ, Единая электронная библиотека – www.elibrary.kz мәліметтер базасы қолжетімді.

ҚР ЖОО-дарының электронды білім беру және ғылыми ресурстарын біріктіретін республикалық ЖОО аралық электронды кітапханаға (РМЭБ) қолжетімділік қамтамасыз етілген.

Қазіргі таңда кітапханада Электронды каталог: «Кітаптар», «Мерзімді басылымдар», «Электронды басылымдар», «Авторефераттар», «Брошюралар», «Ноталар», «Мақалалар» библиографиялық мәліметтер базасы жасалған. Кітапханада көпдеңгейлі ақпараттық Web-сайт: <http://www.zhgu.edu.kz/> құрастырылған.

2009 ж. бастап кітапханадағы электронды каталог барынша жетілдірілген «Қазақстандық автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйеде» («КАБИС»: АРМ «Комплектование», АРМ «Каталогизатор», АРМ «Администратор») іске асырылады. Кітапханадан тыс орналасқан оқырмандар каталогты университеттің локалды компьютерлік желісіне қосылған, кез келген компьютерден көре алады.

Кітапханада университеттің корпоративтік желісінде жұмыс істейтін «ЖМУ-дың кітапхана қоры» электронды базасы қолжетімді. Бұл базада 3802 мәтіні толық ашылатын кітап, «Эпиграф» баспасынан сатып алынған 2600 кітап бар. «Элар» планетарлық сканерінің ең соңғы нұсқасы кітап, каталог, журнал, газет, тарихи құжаттарды сапалы түрде сканерлеп, электронды базаны толықтыруға мүмкіндік береді.

Кітапханада көпқызметті электронды ресурстар залы ашылған, Wi-Fi аймақ құрылған, ақпаратты өңдеу үдерісінің бағдарламалық қамсыздандырылуы үнемі жаңартылып отырады.

Оқырмандарға 87 автоматтандырылған жұмыс орындарымен жабықталған 5 зал қызмет көрсетеді.

Кітапхана оқырмандарының абонементтен оқулықтарды, ғылыми және көркем әдебиеттерді үйге алуға, сондай-ақ кітаптарды ашық, қолжетімді түрде іздеуге, ақпарат көздерін таңдауға мүмкіндіктері бар. Ол білімгерлердің кәсіби іздеу дағдысын дамытады, дүниетанымын кеңейтеді және кітап оқуға қызығушылығын тудырады.

2) Жатақхана

Қазіргі таңда университеттің 524 орындық 2 студенттік жатақханасы бар. Жатақханада студенттерге өмір сүру мен оқу үшін қолайлы жағдай жасалған: санитарлық тораппен жабдықталған тұрғын үй секциялары, теледидары бар демалыс бөлмелері, оқу және компьютерлік залдар, душ және кір жуатын орын, электр пештерімен жабдықталған тұрмыстық бөлмелер бар.

Белсенді студенттер қатарынан сайланатын студенттік кеңес жатақханадағы қоғамдық және мәдени өмірді ұйымдастырумен айналысады. Жатақханада тұратын студенттердің электронды базасы жасалған. Жатақханадағы орындарды бөлгенде ата-ана қамқорлығынсыз қалған (жетім) студенттердің өтініші алдымен қаралады және тегін жатақханамен қамтамасыз етіледі. Мақсатты даярлықпен оқитын магистранттар мен докторанттар жатақханамен толық қамтылған.

3) Қашықтықтан оқыту технологиясы (КОТ)

Білімгерлерге жоғары білім беру бағдарламасын тұрғылықты мекенжайлары бойынша игеруге мүмкіндік беру үшін І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде 2011 жылдан бастап қашықтықтан оқыту енгізілген.

Қашықтықтан оқыту – оқыту үдерісін іске асыруға, білімді бақылауға, онлайн прокторинг жүргізуге, іс-тәжірибеден өтуге, білімгер мен оқытушының жанама түрде өзара әркетінде консультация алуға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық-коммуникативтік және білім беру бағдарламаларының жиынтығы арқылы қамтамасыз етіледі.

Қашықтықтан оқыту технологиясы техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі және жоғары білім негізінде қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын студенттерге қатысты қолданылады.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру үшін университетте білімгерлерге арналған оқу-әдістемелік, тестілеу және ұйымдастыру-әкімшілік ақпараттар қамтылған ақпараттық-білім беру порталы құрылған.

Оқу жоспарындағы қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша іске асырылатын барлық пәндер бойынша білімгерлерді оқу-әдістемелік материалмен қамтамасыз ету үшін кафедра оқытушылары электронды оқу-әдістемелік кешендер, электронды кітаптар құрастырады, бейнедәрістер дайындайды.

Өзара оқу әрекетін шынайы уақыт режимінде іске асыру үшін университетте сабақты «on-line» режимде өткізуге мүмкіндік беретін арнайы мультимедиялық дәрісхана ашылған.

4) *Тегін қосымша білім алу мүмкіндігі*

Өзінің біліктілігін арттырғысы келетін немесе қосымша білім алғысы келетін студенттер үшін университетте Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы ашылған.

Университет білімгерлері орталық базасында ағылшын тілі бойынша дайындық курстарына және ағылшын тілін білу деңгейін халықаралық деңгейде растау үшін – IELTS-қа дайындалу және тапсыруға дайындық курстарына тегін қатыса алады.

Ағылшын тілінде сөйлеу дағдысын дамыту, сөздік қорын байыту, мәдениетаралық кәсіби-бағдарлы қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру үшін орталық жанынан «Lagoon of English» клубы ашылған. Клуб жұмысына еріктілер – тілді тасымалдаушылар қатысады.

Орталық жанынан «Робототехника» кабинеті ашылған. Онда жұмыс істеуді қалаған кез келген студент сабақтан бос уақытта роботтандырылған құрылымдар мен механизмдерді құрылымдай және бағдарламалай алады.

Орталық педагогикалық қызметкерлер мен ғылым мен білім берудің негізгі басымдыққа ие бағыттары бойынша қызмет ететіндердің барлық санаттарына арналған оқу семинарлары мен курстарын ұйымдастырады және өткізеді, сертификаттар табыстайды.

5) *Кәсіпкерлік құзыреттіліктеді дамыту*

Университетте студенттер мен жас ғалымдардың кәсіпкерлік құзыреттіліктерін дамыту үшін Ғылыми зерттеулер нәтижесін коммерциализациялау офисі ашылған, оның жанында «Start-Up Academy ZHGU» құзыреттіліктер орталығы табысты қызмет атқаруда.

«Start-Up Academy ZHGU» – мектеп оқушысы, студенттер, бизнес-тренерлер, кәсіпкерлер, инвесторлар, мемлекеттік билік өкілдерін және басқа да мүдделі тұлғаларды біріктіретін платформа. Академия ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге консалтингтік және ақпараттық қолдаудан бастап инвестор тартуға дейін кешенді көмек, қаржылық бағдарламаларға қатысу немесе мемлекеттік грант ұту үшін өтінім толтыруда тегін көмек көрсетеді.

Академия Алматы облысы жастары үшін инновациялық және кәсіпкерлік қызметті дамыту, кіші және орта бизнес субъектілер санын арттыру бойынша барлық қажетті инфрақұрылымды ұсынады. Академияда оқу тренингтері мен семинарлар өткізіледі, мақсатты түрде стартап жобаларды іздеу, іріктеу және дамыту, сондай-ақ стартаптарды дамыту мәселелері және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау, тәлімгерлікті ұйымдастыру, сараптамалық көмек көрсету, гранттық конкурстар өткізу мәселелері бойынша кеңес беріледі.

6) *Салауатты өмір салтын ұстану және спортпен айналысу*

Университет жастарына спортпен айналысу және салауатты өмір салтын ұстану үшін қолайлы жағдай жасалған. Студенттер сабақтан бос уақытта спорттың бірнеше түрі бойынша спорт залдары мен секцияларында тегін жаттыға алады.

Бұл бағытта университеттің Спорт клубы белсенді жұмыс атқарады, олар салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыру және насихаттаумен, студенттерді өздері таңдаған спорт түрлері бойынша қабілетін шыңдаумен, спорттық және сауықтыру шараларын ұйымдастыру, жастардың әртүрлі деңгейдегі спорттық жарыстарға қатысуын ұйымдастыру жұмыстарымен айналысады.

Университеттің спорт базасы – стандартты футбол алаңы, ұзындыққа секіруге арналған секторлары, граната лақты және жүгіруге арналған жол, бокс, гимнастика, күрес және тренажерлік

залы бар көпқызметті стадион, заманауи спорттық жиһаздармен жабдықталған «Қарлығаш» және «Құлагер» туристік базасы.

7) Әлеуметтік-мәдени орта және тұлғалық (жеке) шығармашылық қасиетті дамыту

Қазіргі таңда университетте мамандар дайындау ең жоғары білім беру стандарттарына сай, әмбебаптық сипатқа ие, маманның кәсіби шеберлігі мен тұлғалық дамуының негізі ретінде түйінді құзыреттіліктерінің қалыптасуын қамтамасыз ететін болуы керек.

Университетте әлеуметтік өзара әрекет құзыреттіліктерін, белсенді өмірлік позициясын, жүйелі-әрекеттік сипаттағы азаматтық өзіндік сана, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі басқару, қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасалған.

Студенттердің әлеуметтік-мәдени ортада шығармашылық белсенділігін дамыту мәселелерімен Мәдени-көпшілік іс-шаралар бөлімі, Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі бөлім және Жастар орталығы айналысады.

Студенттердің әртүрлі шығармашылық қабілеттерін шыңдау үшін төмендегідей құрылымдар қызмет етеді:

- Қазақстан халықтарының ассамблеясы кафедрасы;
- «Шағала» (халықаралық конкурстар жеңімпазы) және «Құлагер» бишілер ансамблі;
- «Жас түлек» студенттер театры;
- «Ілиястың сөз құлагерлері» пікірсайыс клубы;
- «Алау», «Rise up», «Күш-жігер», «Аяла», «Қамқор» еріктілер клубы;
- «Амиго», «Физмат», «Креатив», «Доллар» КТК командалары;
- «Жас журналист» клубы;
- «Мизам» әдеби клубы;
- «New generation» интеллектуалды клуб;
- «Жас Отан» жастар қанаты;
- «Жасыл Ел» еңбек жасағы;
- «Жас қыран» қоғамдық полиция көмекшілерінің бірлестігі;
- «Ерлік» әскери-патриоттық клуб;
- «Қызықты психология» клубы және т.б.

8) Интернет және Wi-Fi-ға қолжетімділік

Университет қуатты техникалық қамсыздандыруға ие – 65 мультимедиялық тақта және 1171 компьютер, оның ішінде 87-сі кітапхананың оқу залдарында, оқу корпустарында, жатақханаларда орналасқан және еркін қолжетімді. Университеттің барлық компьютерлерінде жаһандық Интернет желі еркін түрде қолжетімді, оның жылдамдығы 300 мб/с құрайды. Жылдамдығы 100 мб/с тегін WiFi қамтамасыз етілген.

9) Оқу үдерісін цифрландыру

Университетте оқу үдерісін цифрландыру, ақпараттандыру, автоматтандыру үшін заманауи аппараттық-бағдарламалық құралдар пайдаланылады.

Университет қызметінің (білім беру, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік-тәрбиелік) негізгі үдерістерін автоматтандыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық құралдармен қамтамасыз етілген және жабдықталған.

Университеттің ақпараттық жүйелерді құрастыру және енгізу бөлімі төмендегідей бағдарламалық қамсыздандыруларды жасап, енгізген: «Қабылдау комиссиясы», «Білімгерлерді есепке алу және қозғалысын бақылау», «Пәннің оқу-әдістемелік кешені», «Пәнге тіркелу», «Сабак кестесі», «Білімгерлер білім сапасын бақылаудың электронды журналы», «МАК/МКЕ», «Компьютерлік тестілеу», «Транскрипт», «Диплом қосымшасы», «Автоматтандырылған қашықтықтан оқыту жүйесі», «ЖМУ кітапхана қоры», «Қызметкерлерді басқару бөлімі», «Perco-20S қызметкерлердің жұмыс уақытын есепке алу жүйесі» және т.б.

Университеттің негізгі қызметтерін цифрландыру, автоматтандыру, оңтайландыруға, сондай-ақ оқудың әр кезеңінде жеке кабинет арқылы оқытушы мен білімгердің өзара әрекетін сапалы түрде қамтамасыз етуге тиімді, тұтынушыларға бағытталған жаңа "Smart ZhetySU" платформасы әзірленді.

10) Баспа қызметі

Жоғары оқу орнының сапалы және тиімді оқу және ғылыми қызметін сенімді баспалық қолдаусыз іске асыру мүмкін емес. Сондықтан оқу-әдістемелі құралдарды, ғылыми жұмыстар мен біліктілік арттыруға полиграфиялық өнім дайындау үшін университетте баспа бөлімі қызмет етеді.

Университеттің баспа бөлімі – бұл кеңейтілген қызмет көрсету кешені мен өнімнің толық полиграфиялық циклын қамтитын заманауи баспа-полиграфиялық кешен.

Университеттің ғылыми, оқу, әдістемелік, анықтамалық өнімдерін шығаруға бағытталған іс-шаралар кешені мен ұйымдастыру-техникалық жұмыстар университеттің өз материалдық-техникалық ресурстары базасында іске асады. Жұмысты қазіргі талаптарға сай орындау үшін барлық жағдайлар жасалған.

Баспа бөлімі кітап, брошюра, буклет, проспектілерді жоғары сапалы сандық түрде шығаруға арналған заманауи компьютерлік және баспа техникасымен қамтамасыз етілген. Баспа бөлімінің заманауи құрылғылары өте қысқа мерзімде жоғары сапалы бланкілік және полиграфиялық өнімдерді шығаруға мүмкіндік береді.

Баспа бөлімі сонымен қатар ақпараттық-жарнамалық, имидждік-жарнамалық және презентацялық полиграфиялық өнімдерді (жылына 500-ге жуық аталым) шығарады.

4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралардың мазмұны	Іске асыру мерзімі	Жауаптылар
Оқу-әдістемелік бағыт			
1	«Бизнесті басқару» оқу құралын шығару	ақпан-наурыз 2021	Байтаева Г.Р., Султанова Г.С., Аяжанова М.К.
2	«Тайм менеджмент» оқу құралын шығару	наурыз-сәуір 2021	Нургисаев С.О. Байтаева Г.Р., Сюбебаева Ж.К.
3	«Дағдарысқа қарсы менеджмент» оқу құралын шығару	мамыр-маусым 2021	Байтаева Г.Р., Абиляшаиков Н.Б. Кылышпаева Б.Х.,
4	«Мемлекеттік басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» оқу құралын шығару	мамыр-маусым 2021	Сериев Б.А., Султанова Г.С., Гусенов Б.Ш.
Ғылыми-зерттеу бағыты			
1	«Қазіргі кезеңдегі менеджменттің өзекті мәселелері»	01.01.2020-31.12.2021	Кылышпаева Б.Х.
2	«Шағын және орта бизнестегі экономикалық саясат»	01.01.2020-31.12.2021	Байтаева Г.Р.
Тәрбиелік бағыт			
1	Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы өкілдерімен «Өлкетану – рухани жаңғырудың негізі» атты тақырыбына кездесу	Қыркүйек-қазан 2020	Байтаева Г.Р., Мулдоканова Ш.С.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
Құқық және экономика факультеті

	ұйымдастыру		
2	«Құқықтық мәдениет – сыбайлас жемқорлықпен күрес» тақырыбында кураторлық сағаттар өткізу	Қараша-желтоқсан 2020	Байтаева Г.Р., Мулдоканова Ш.С.
Біліктілік арттыру			
1	Тіл курстары	2020-2021жж.	Кыдырбаева Э.О., Гусенов Б.Ш. - IELTS, Аяжанова М.К. – Elementari Сюбебаева Ж.К. – Pri-Intermediate Султанова Г.С. – Elementari Бекметова А.К. – Elementari Сырлыбаева М.Т. – Elementari
Кәсіптік бағдар жұмысы			
1	Өткізу мектептерінде кәсіби бағдар жұмыстарын Талдықорған қаласының және өңірдің (Квест-ойыны)	Қаңтар-наурыз 2021ж.	Байтаева Г.Р.
Жұмыстың басқа да бағыттары			
1	«Жетісу» басқару мектебінде студенттердің қосымша кәсіби дайындығы»	2020-2021 жж.	Байтаева Г.Р.